

"Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білу көлемін айқындау бойынша тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2026 жылғы 23 маусымдағы № 306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 25 маусымда № 39075 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білу көлемін айқындау бойынша тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 9 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37844 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білу көлемін айқындау бойынша тестілеуді өткізу қағидаларында:

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты.";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
міндетін атқарушы

Г. Кобенова

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 306
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасының
азаматтығына қабылдау немесе
азаматтығын қалпына келтіру
кезінде
мемлекеттік тілді қарапайым
деңгейде,
Қазақстан Республикасы
Конституциясының негіздерін,
сондай-ақ Қазақстан тарихын
білу көлемін айқындау бойынша
тестілеуді өткізу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Тестілеуге кіргізу кезінде немесе тестілеу өткізу кезінде бөгде адамның анықталуы туралы акті _____ (тестілеу өткізу пунктiнiң коды мен атауы)

Күні "____" _____ 20 ____ жыл
Уақыты "____" сағат "____" минут

Тестіленуші _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірі) орнына тестілеу тапсыру үшін тестілеу өткізу пунктi ғимаратына кіруге әрекет жасағаны немесе тестілеу тапсыру үшін аудиторияға Қазақстан Республикасының азаматы (шетел азаматы) _____ кіргені (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірі) анықталды.

Осы фактіні ескере отырып, бөгде адамды тестілеу өткізілетін ғимараттан немесе № _____ аудиториядан шығару және тестілеу нәтижесінің күшін жою туралы шешім қабылданды.

(тестілеу әкімшілерінің тобы жетекшісінің қолы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

(тестілеу әкімшісінің қолы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Актімен таныстым _____

(бөгде адамның қолы және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК